

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Шағын және орташа қалалардың проблемалары жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 шілде N 841. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.28. N 581 қаулысымен. ~ P020581

Елдің шағын және орташа қалаларының проблемаларын кешенді зерттеу және оларды мемлекеттік қолдаудың шараларын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан

Шағын және орташа қалалардың проблемалары жөніндегі республикалық ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын және орташа қалалардың проблемалары жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрінің

орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 3 шілдедегі

N 841 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы

Шағын және орташа қалалардың проблемалары

жөніндегі ведомствоаралық комиссия

Қасымов А.К. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Кеңсесі Басшысының орынбасары - Аймақтық

жұмыстарды үйлестіру бөлімінің меңгерушісі,

төраға

Әшімов Н.С. - Қазақстан Республикасының Экономика және

сауда вице-министрі, төрағаның орынбасары

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі,

төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

- Бәйбеков М.Н. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Аймақтық саясат және әлеуметтік сала департаментінің директоры
- Бертісбаев Н.Б. - Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы департаменті директорының орынбасары
- Борисов В.М. - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттіктің директоры
- Камалов Б.К. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Шағын кәсіпкерлікті қолдау департаменті директорының орынбасары
- Махашов Х.К. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының орынбасары
- Сизов А.П. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары
- Отаров К.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының вице-министрі
- Үжкенов Б.С. - Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті төрағасының орынбасары.
- Төтенев Б.В. - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары

<*>

- Дүйсембеков Ж.О. - Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрінің бірінші орынбасары
- Рақышев С.Б. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты Аумақтық даму бөлімінің сектор меңгерушісі
- Раханов М.С. - Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары

Әбдікамалов О.А. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары

<*>

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің орынбасары

Сейтмұхамбетов Н.Н. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрлігінің аймақтық саясат және
реформаларды ұйымдық атқарушылық
қамтамасыз ету бас басқармасының
бастығы (хатшы)

<*>

Ескерту. Құрамға өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.06.
N 970 қаулысымен.

P960970_

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.02.20.
N 242 қаулысымен.

P970242_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.29. N 1380
қаулысымен.

P971380_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 3 шілдедегі
N 841 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Шағын және орташа қалалардың проблемалары
жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы
Ереже

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын және орташа

қалалардың проблемалары жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) осы қалалардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу жөнінде практикалық ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылды

I. Жалпы ережелер

Ведомствоаралық комиссия республиканың шағын және орташа қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиясын айқындау, ондағы жинақталған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешудің экономикалық және қаржылық тетіктерін жасау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асыратын консультативтік орган болып табылады.

Ведомствоаралық комиссия:

өз жұмысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына, нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жоспарлайды және құрады;

тиісті нормативтік базалар құру және орташа қалалардың проблемаларын практикалық шешу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлеуді жүзеге асырады.

II. Ведомствоаралық комиссияның міндеттері

Комиссияның негізгі міндеттері:

республиканың шағын және орташа қалаларының ауқымын, олардың аса маңызды функционалды құрылымдық параметрлері бойынша градациясы мен типологиясын анықтау;

шағын және орташа қалалардың қазіргі жай-күйіне алғышарт жасаған себептер мен факторларды анықтай отырып олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді зерттеуді ұйымдастыру;

құлдырау жағдайында тұрған және бірінші кезекте мемлекеттік қолдауға мұқтаж шағын және орташа қалаларды анықтау;

республиканың өндірістік күштерін орналастырудағы перспективалық өзгерістерді ескере отырып, жалпы аймақтық саясат шеңберінде шағын және орташа қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу;

қаланың түрі мен олардың алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық проблемалардың жиынтығына байланысты шағын және орташа қалалардың жай-күйін экологиялық және қаржылық жағынан сауықтыру шараларын жасауда саралау ыңғайын қамтамасыз ету;

шағын және орташа қалалардың мәселелері бойынша халықаралық

қаржылық-экономикалық, гуманитарлық, экологиялық және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

проблемалық қалалардың мәселелерін шешудің әлемдік тәжірибесін зерттеу және оны республикада қолдану жөніндегі ұсыныстарды дайындау болып табылады.

III. Ведомствоаралық комиссияның өкілеттігі

Ведомствоаралық комиссияның өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауы үшін:

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша қажетті негіздемелер, есептеулер мен басқа да материалдар сұратуға және алуға;

министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар әзірлеген шағын және орташа қалаларға қатысты мәселелерді шешу жөніндегі материалдарды жинақтап қорытуға;

қалалардың жекелеген проблемалары бойынша ұсыныстар дайындау үшін жұмыс топтарын, уақытша шығармашылық ұжымдар құруға және тиісті бейіндегі мамандар мен ғылыми қызметкерлердің жұмыстарын ұйымдастырудың өзге де икемді түрлерін қолдануға құқы бар.

Ведомствоаралық комиссияны төраға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басқарады, Қазақстан Республикасының Экономика министрі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі - оның орынбасарлары болып табылады. Ведомствоаралық комиссияның құрамына республиканың жетекші министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің басшылары немесе басшыларының орынбасарлары енеді.

Ведомствоаралық комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Ведомствоаралық комиссияның мәжілістеріне төрағалық етеді, оның жұмыстарын жоспарлайды және қабылданған шешімдерді іске асыру үшін жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төрағасы қатыспаған жағдайда оның функциясын Ведомствоаралық комиссия төрағасының орынбасарларының бірі атқарады.

Ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Ведомствоаралық комиссия мүшелері:

шағын және орташа қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының түйінді проблемалары бойынша жетекші сарапшылар мен консультанттардың міндеттерін атқарады;

Ведомствоаралық комиссия құрған жұмыс топтары мен уақытша

шығармашылық ұжымдардың жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді;

Ведомствоаралық комиссия құзырына жататын мәселелерді орталық және жергілікті атқарушы органдарында қарау кезінде қатысады;

Ведомствоаралық комиссия төрағасының және оның орынбасарларының тапсырмаларын орындайды, өздерінің жұмыстары туралы мерзім сайын есеп береді.

Ведомствоаралық комиссияның хатшысы - Ведомствоаралық комиссия мәжілісінің күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайды және оны өткізгеннен кейін тиісті хаттамаларды ресімдейді.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы болып табылады.